Шығ.___2___

27.08.2018 ж

Қазақстан Республикасы, Қаржы Министрлігінің Түркістан облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясына

Көшірмесі: Түркістан облыстық прокуратурасына

Шағымданушы
ЖШС "Big Solomun Brothers" , Түркістан облысы,Қазығұрт ауданы , С. Рахимов а/о, Көкібел ауылы, А.Құралов көшесі 131 үй
Ұялы байланыс : +7-707-908-37-99

Ш А Ғ Ы М

"Big Solomun Brothers" ЖШС-і 15 тамыз 2018 жылы, нөмері № 2752994-1 болып табылатын "**Қазығұрт аудандық білім бөлімінің мектептеріне мультимедиялық кабинет сатып алу**" электронды мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысты.

Жоғарыда көрсетілген конкурсты ұйымдастырушы **"Қазығұрт аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі** болып табылады.

Конкурсқа қатысу өтінішін жіберу барысында, мемлекеттік талаптарға сәйкес**: барлық құжаттамалар бекітілді және кірістірілді.**

Ұйымдастырушылар тарапынан жарияланған "Алдын-ала рұқсат беру хаттамасы" бойынша , ешбір белсенді тауар жеткізуші бұл турдан (1 турдан) өте алмады. Өтінішті қайта беру құқығымен тек 10 белсенді тауар жеткізуші ғана "Қорытынды" турға өте алды.

Алайда , 20.08.2018 жылғы , сағат 19:17-де жарияланған қорытынды нәтиже бойынша **"ЮК-СТРОЙ-ПРОЕКТ" ЖШС**-і жеңімпаз ретінде танылды.(!!!)

Одан бөлек , дәл сол уақытта "Big Solomun Brothers" ЖШС-ін негізсіз, дұрыс емес себептермен, өрескел түрде конкурстан шығару немесе аластату жөнінде шешім шығарылды.

Біздің Серіктестік (яғни "Big Solomun Brothers" ЖШС) тарапынан бұл шешімге үлкен түсініспеушілікпен қарадық.

Шындығына келгенде **"ЮК-СТРОЙ-ПРОЕКТ" ЖШС-і** ұсынған Vivitek DX255 (прожектор-құрылғысы) өнімі , тапсырыс берушінің көрсеткен техникалық ерекшелігімен мүлдем сәйкес келмейді.

Осы орайда , **"Қазығұрт аудандық білім бөлімі" ММ** яғни Ұйымдастырушылар тарапынан өрескел қателік кеткендігін байқап отырмын.

Және де **"ЮК-СТРОЙ-ПРОЕКТ" ЖШС**-і ұсынған тауардың техникалық ерекшеліктерін қайтадан, яғни зор ықыласпен мұқият қарауыңызды сұраймын.

Директор
ЖШС «Big Solomun Brothers» **Қадыр С.С.**

М.О.